


Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Авторлық құқық

© 2019 Align Technology, Inc. Барлық құқықтар қорғалған.

Осы нұсқаулықта қамтылған ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Осы нұсқаулықта сипатталған апараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алу келісімі, сатып алу тапсырысымен жасақталып, оның ішінде белгіленген немесе сілтеме жасалған шарттар және ережелермен бекітіледі. Осыған немесе басқа да жазбаша жасалған қолданбалы шарттар және ережелерге сәйкес, тапсырыс беруші iTero Element 2 оптикалық көшірме бейне құрылғысын сатып алса, тек осы шарттарды ұстана пайдалана алады.

Осы нұсқаулықтың ешбір бөлігін Align Technology Inc. компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз қайталауға, фотокошіруге, іздеу жүйесінде сақтауға немесе тұтынушының қалыпты пайдалануынан басқа кез келген мақсатта (электрондық немесе механикалық) тасымалдауға болмайды.

Бұл нұсқаулық iTero Element 2 оптикалық көшірме жасау құрылғысын сипаттайды.

Қазақ тіліндегі нұсқасы. 2019 жылдың қаңтар айында жаңартылған.

АҚШ кеңсесі

Корпоративтік кеңсе
Align Technology, Inc.
Орчард Парквей, 2820
Сан-Хосе, Калифорния 95134

www.aligntech.com

Тел: +1 (408) 470-1000
Факс: +1 (408) 470-1010



Алайн Технолоджи ЖШС
Ариэль Шарон бульвары - 3
Ор-Йехуда 6037606
Израиль

Тел: +972 (3) 634-1441
Факс: +972 (3) 634-1440

Нидерланд кеңсесі

Халықаралық кеңселер
Align Technology B.V.
Арландавег - 161
1043HS Амстердам

Тел: +31 (0) 20-586-3600
Факс: +31 (0) 20-586-3751

Тұтынушыларға қолдау көрсету

Тел: +1 (800) 577-8767

Электрондық пошта:
iterosupport@aligntech.com

Электрондық пошта:
orthocadsupport@aligntech.com

Бірінші класты лазер талаптарына сәйкестік

Бұл құрылғы: «21 CFR 1040.10» және «EN 60825-1» стандарттарына сәйкес.



1 - класс лазер құрылғысы

Канада Стандарттау Қауымдастығының талаптарына сәйкестігі

Бұл құрылғы, Канада мен АҚШ үшін арналған Канада Стандарттау Қауымдастығының келесі стандарттарына сәйкес келеді:
«UL Std № 60601-1 - Медициналық электр жабдықтарының 1-бөлімі: Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар»

**АҚШ Федералды Байланыс Комиссиясының талаптарына сәйкестігі**

Бұл құрылғы АҚШ Федералды Байланыс Комиссиясының ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді және оны пайдалану келесі екі шартқа байланысты болады:

1. Бұл құрылғы қауіпті кедергіге алып келмейді.
2. Бұл құрылғы кез келген кедергіні, соның ішінде жұмыстың нашарлауына себеп болатын кедергіні қабылдайды.

**АҚШ Федералды Байланыс Комиссиясының ескертуі**

Құрылғыға өндірушінің тарапынан тікелей мақұлданбаған өзгертулер еңгізу, АҚШ Федералды Байланыс Комиссиясының ережелеріне сәйкес, құрылғыны пайдалану құқығынан айыруға әкелуі мүмкін.

Электрмагниттік үйлесімділік талаптарына сәйкестік

Бұл құрылғы Электрмагниттік үйлесімділіктің келесі талаптарына сәйкес келеді:

«IEC 60601-1-2 Медициналық электр жабдықтарының - 1-2 бөлімдері: Негізгі қауіпсіздік және басты қызмет көрсетудің жалпы талаптары - Қосалқы стандарт: Электрмагниттік құбылыс - Талаптар мен сынақтар».

Қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі

Бұл құрылғы келесі қауіпсіздік стандартына сәйкес келеді:

«IEC 60601-1-2 Медициналық электр жабдықтары - 1-бөлімі: Негізгі қауіпсіздік және қажетті деңгейде қызмет көрсетудің жалпы талаптары».

Еуропалық комиссия стандарттарына сәйкестік

Бұл құрылғы медициналық құрылғыларға арналған 93/42/ЕЕС Еуропалық Комиссияның нұсқауына сәйкес келеді.



Таңбалар

iTero Element Flex 2 техникалық жабдықтар компоненттерінде, осы нұсқаулықта және басқа iTero Element 2 әдебиетінде келесі таңбалар кездесуі мүмкін.



Құрылғыда бұл таңба пайда болған сайын, құрылғыны дұрыс пайдалану туралы ақпарат алу үшін, осы нұсқаулықты қолдану ұсынылады.



Назар аударыңыз: Бұл таңба құрылғыға қатысты арнайы ескертпелер немесе алдын ала ескертулер бар екендігін көрсету үшін пайдаланылады. Бұл таңба құрылғыда пайда болған барлық жағдайларда, осы нұсқаулықтағы қауіпсіздікке қатысты ақпаратқа жүгіну міндетті.



Медициналық құрылғы өндірушісі.



IEC 60417-5031: Тұрақты ток.



Тапсырыс нөмірі.



Медициналық құрылғыны қауіпсіз түрде қолдануға болатын температура шектеулерін анықтайды.



Электр батареясы.



BF түрінде қолданылатын бөлік. Бұл таңба пайда болған кез келген компонент, электрлік оқшаулауған BF түрі болып табылады.

«Rx only»

ЕСКЕРТУ: АҚШ Федералдық заңы бұл құрылғыны лицензияланған дантист, ортодонт немесе тіс дәрігері сатуына немесе оның тапсырысы бойынша сатуына шектеу қояды. Бұл жүйе арнайы медициналық құрал болып табылады және тек қана білікті медициналық қызмет көрсетушілерімен ғана пайдалануы қажет.



IEC 60417-5009: күту тәртіптемесі
САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ .



Таяқша (сканерлеу құрылғысы).



Сериялық нөмірі



Өндірушінің топтама коды



Зиянды заттарды шектеу туралы Еуроодақ нұсқауы (Қытай).




Бұл таңба пайда болған қосалқы бөлшектер қайта пайдаланылмауы тиіс.



Электрлік және электрондық жабдықтар қалдықтары бөлек жиналуы қажет. Электрлік және электрондық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі Еуропалық директиваға (WEEE) сәйкес, бұл өнімді тұрмыстық немесе муниципалдық қалдықтарға тастауға болмайды. Бұл құрылғыда кәдеге жаратуға тиісті электрлік және электрондық қалдықтар материалдары бар. Еуропалық қалдықтарды өңдеу қызметіне хабарласыңыз. Өтініштің онлайн нұсқасына сілтеме <http://b2btool.earn-service.com/aligntech/select>.



IEC 60417-5032: ауыспалы ток.



USB көзі.



Еуропалық Қоғамдастықтағы уәкілетті өкілін көрсетеді.



Пайдаланушыға пайдаланушы нұсқауларына жүгіну қажеттілігін көрсетеді.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Жүйемен жұмыс жасамас бұрын, барлық пайдаланушылар осы қауіпсіздік нұсқауларын оқып шығуы қажет.

Компьютер литий ионы бар қайта зарядталатын батарея жинағымен жасақталған. Батареяны дұрыс ауыстырмаған жағдайда жарылыс қаупі бар. Өндіруші ұсынған түріне ғана ауыстырылуы тиіс. Қолданылған батареялар өндірушінің нұсқауларына сәйкес тасталуы тиіс.

ЕСКЕРТУ - электр тоғының соғу қаупін болдырмау үшін, бұл жабдық бір ұшы жерге тұйықталған электр желісіне ғана қосылуы қажет.

Қуат көзі

- Қуат жүйеге ішкі медициналық мақсаттағы қуат көзі арқылы жеткізіледі.

Батарея қуаты

- Зарядталу - 2 сағат бойы қуат көзіне қосылған жағдайда батарея толық зарядталады.
- Толық зарядталған батареямен, пайдаланушы iTero Element 2 сканерімен 30 минутқа дейін қуат көзіне қоспай сканерлей алады.

Электрлік ескерту

- Электр тоғы соғу қаупі!!** Сыртқы панельдер мен қақпақтарды тек Align Technology компаниясы рұқсат еткен мамандар ғана шешіп ала алады. Ішінде пайдаланушыға қызмет көрсететін бөлшектер жоқ.
- ЕСКЕРТУ - электр тоғының соғу қаупін болдырмау үшін, бұл жабдық бір ұшы жерге тұйықталған электр желісіне ғана қосылуы қажет.
- Жүйенің артқы жағындағы USB көзіне, тек Align Technology компаниясы растаған веб-камера немесе USB-жалғағышы жалғануы қажет.

Жергілікті сымсыз желі

- Жүйе жергілікті сымсыз желі құрылғысымен жабдықталған.

Қауіпсіздік классификациялары

- Электр тоғы соғуынан қорғау түрі: 1-класс.
- Электр тоғы соғуынан қорғау дәрежесі: BF түрі.
- Зиянды су енуінен қорғау дәрежесі: Қатардағы.
- Құрылғы тұтанғыш анестетикалық қоспалар бар жағдайда қолдануға жарамсыз.
- Жұмыс режимі: Үздіксіз.

Арнайы медициналық құрал

- Бұл жүйе арнайы медициналық құрал болып табылады және тек қана білікті медициналық қызмет көрсетушілерімен ғана пайдалануы қажет.

Сканер ескертулері

- Сканер қызыл лазер жарығын (680нм, 1-класс), сондай-ақ, ақ жарықты диод таратады. Сканер қалыпты қолдану кезінде адамның көзіне қауіп төндірмейді. Дегенмен, дәрігерлер сканерді емделушінің көзіне тікелей бағыттамауы қажет.

- Кабельдің бұралуынан, байлануынан, тартылуынан, кабельді басудан аулақ болу қажет.
- Сканер қолдану кезінде адамның көзіне қауіп төндірмейді. Дегенмен, дәрігерлер сканерді емделушінің көзіне тікелей бағыттамауы қажет.
- Жүйе пайдаланылмаған кезде, лазер сәулесімен немесе жанып тұрған ақ жарықдиодымен тікелей көз байланысы болмау үшін, сканерлеу құрылғысын тұғырыққа зондтың бетін арбаға және сенсорлық экранның артқы жағына қаратып орналастырыңыз.
- Дәрігерлер сканерлеу жұмысын тек сканер зонды емделушінің аузында болған кезде ғана іске қосуы керек.
- Сканерлеу жұмысы әлі де белсенді болған кезде дәрігерлер сканерді аспап тұғырығына қоймау қажет.

Тазалау және дезинфекция

- Тоғыспалы ластануды болдырмау үшін әрбір емделуші сессиясынан кейін, бір реттік пластикалық саптаманы ауыстырып, сканерлеу құрылғысын залалсыздандыру міндетті болып табылады.
- Сканердің саптамалары, стандартты жұмыс тәртіптеріне немесе ластанған медициналық қалдықтарды жою туралы жергілікті ережелерге сәйкес тасталуы қажет.

Орамасынан шығару және орнату

- Жүйе Align Technology нұсқауларына сәйкес орамасынан шығарылып, орнатылуы қажет.

Жұмыс ортасы


- Жүйені зақымдап алмау үшін, бөлмелер арасында барынша абай жылжыту керек.
- Сканерлеу құрылғысы мен негізгі блокты желдету тесіктері бұғатталмауы қажет.
- Жүйе тек мекеме ішінде пайдалануға арналған. Оны тікелей күн сәулесі, шамадан тыс жылу немесе ылғалдылыққа ұшыратпау қажет.


Электромагниттік кедергі

- ЕСКЕРТУ: Бұл құрылғы сынақтан өткізілген және EN60601-1-2 стандартына сәйкес медициналық құрылғыларға қойылатын талаптарына сай. Бұл стандарт әдеттегі медициналық қондырғыдағы зиянды кедергілерден сапалы қорғанысты қамтамасыз етеді. Дегенмен, денсаулық сақтау орталықтарындағы жоғары-жиілікті таратушы жабдықтар және басқа да электрлік шу көздерінің (мысалы, ұялы телефондар, мобильді екі жақты радиостанциялар, электр аспаптары) шу тарату себебінен, осындай кедергілер көзінің жақындығы немесе олардың күштілік деңгейінің жоғарлығының нәтижесінде, бұл құрылғы жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Негізгі

- ЕСКЕРТУ: Бұл жабдықты түрлендіруге тиым салынады.
- ЕСКЕРТУ: Сенсорлы экран жұмыс істеп тұрған кезде әрдайым аспап тұғырығында тұруы қажет!





Мазмұны

1 - тарау: Кіріспе	2
Осы нұсқаулық туралы	2
Арнайы қолданыс	2
iTero Element 2 жүйесінің артықшылықтары	2
iTero Element 2 пайдаланушы интерфейсі	3
2 - тарау: Техникалық жабдықтардың жалпы мүмкіндіктері	4
Жүйенің алдыңғы көрінісі	4
Жүйенің артқы көрінісі	5
Сканерлеу құрылғысы (таяқша)	6
3 - ші тарау: Құрастыру нұсқаулықтары	7
1 - қадам: iTero Element 2 сканерін жасақтау	7
1 - қадам: iTero Element 2 бағанасын жасақтау	10
2 - қадам: Өзіңізге теңшеу процессі	12
4 - тарау. Пайдалану нұсқаулықтары	13
Алғашқы қосу және жүктеу	13
Күннің соңында өшіру	13
Кеңсе ішінде жүйені жылжыту	13
5 - тарау. Сканерді қолдану, тазалау және залалсыздандыру нұсқаулықтары	14
Сканерлеу құрылғысын (таяқшаны) қолдану	14
Сканерлеу құрылғысының кабелін қолдану	14
Тазалау және залалсыздандыруға арналған әдістемелік ұсыныстар	14
Сканерлеу құрылғысы мен негізгі блокты тазалау және залалсыздандыру құралдары	15
6 - тарау: Емделушілер арасында саптамаларды ауыстыру	16
Сканерлеу құрылғысын (таяқшаны) тазалау және залалсыздандыру	16
Бір реттік саптамаларды ауыстыру	16
Сканер саптамалары	17
7 - тарау. Клиниканың LAN желісі жайлы нұсқаулары	18
Кіріспе	18
Дайындық	19
Роутер нұсқаулықтары	19
Жүйеге кіру қорғанысы	19
Wi-Fi кеңестері	20
Хост атауына қатысты Align ұсыныстары	21
А қосымшасы: Электрмагниттік үйлесімділік декларациясы	22
Б Қосымшасы: Техникалық жабдықтар ерекшеліктері	23

1 - тарау:

Кіріспе

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық туралы

iTero Element 2 жүйесі, дәрігерлік кеңседе, ауызды іш жағынан сканерлеуге арналған дербес компьютерлік жұмыс станциясы ретінде жеткізіледі. Бұл пайдалану жөнінде нұсқаулық жүйені іске қосу және жұмысын аяқтау, сканерлеу құрылғысын/таяқшасын және кабелін қалай дұрыс пайдалану, сканерлеу құрылғысын тазалау және емделушілер арасында саптамаларды ауыстыру туралы анықтама береді.

Арнайы мақсаттағы қолданыс

iTero Element 2, тістің және ауыз қуысының топографиялық кескіндерін түсіру үшін пайдаланылатын оптикалық көшірме жүйесі (CAD/CAM). iTero жүйесінің көмегімен алынған деректер тіс жөндеу құрылғылардың (мысалы, каппалар, скобалар, құралдар және т.б.) және керек-жарақтар өндірісінде пайдаланылуы мүмкін.

iTero Element 2 бағдарламалық жасақтамасы iTero Element 2 сканерімен, тістің 3D сипатын, ауыздың жұмсақ тіні мен құрылысын, тістеу кескіндерін алу үшін пайдалынады. Бағдарламалық жасақтама деректердің өңделуін бақылайды, деректерді біріктіруді жеңілдетеді және тығындау заттары, ортодонтиялық құрылғылар, қондырымдар мен керек-жарақтар жасау үшін қолданылатын CAD/CAM деректерді экспорттайды. Деректерді сканерлеумен қоса, әр түрлі емделушілер және клиникалық жағдайлар туралы ақпаратты, импорттау/экспорттау немесе үлгі көрсету мақсаттарында пайдалануға болады. Басқа атқарымдар жүйені тексеру және қызмет көрсету үшін қол жетімді және тапсырысты басқару құралы ретінде де қызмет етеді.

iTero Element 2 жүйесінің артықшылықтары

iTero Element 2 жүйесі қолданыстағы тіссауыт өндіру әдістеріне қарағанда біршама артықшылықтарға ие. Соның ішінде, ұнтақсыз сканерлеу мүмкіндігі, тіссауыт өндіріс дәлдігі және сканерлеу барысында дереу кері байланыс алудың маңызды әдістермен қамтамасыз етеді.


iTero қызметі көмегімен, емделушінің қанағат деңгейін арттыру, клиникалық нәтижелерді жетілдіру және кеңсе тиімділігін арттыру арқылы ісіңізді қалай күшейтуге болатынын білу үшін, біздің веб-парақшамызға өтіңіз <http://www.itero.com>.

iTero Element 2 пайдаланушы интерфейсі

Қалпына келтіру немесе ортодонттіқ қажеттіліктерге пайдалану үшін, сандық сканерлеуді орындауға iTero Element 2 жүйесі ыңғайлы пайдаланушы интерфейсін ұсынады. Дәрігер сканерлеу реттілігін визуалдық және мәтіндік көмек арқылы ұстанады. Сенсорлы экран және таяқша батырмалары, сканерлеу кезінде экран нұсқаулықтарына жауап қайтару үшін пайдаланылады.



Сұрақ белгісін бір түрту арқылы, қысқа шолуды көрсететін түссіз Көмек (Help) анықтама қабаты қосылады. Осы көрініс кезінде, сұрақ белгісі орнына құлаққап бейнесі пайда болатынына назар аударыңыз. Анықтама экранын жабу және тиісті экранға оралу үшін, кез келген жерді түртіңіз.




2 - тарау:

Жалпы техникалық жабдықтың сипаттамасы


Арнайы дөңгелекті тіреуіштің техникалық жабдық мүмкіндіктері: Жүйенің алдыңғы жағынан көрінісі



Арнайы дөңгелекті тіреуіштегі техникалық жабдық мүмкіндіктері: Жүйенің артқы жағынан көрінісі



Сканерлеу құрылғысы (таяқша)



3 - тарау:

Құрастыру нұсқаулықтары

iTero Element 2 сканерін жасақтау

iTero Element 2 сканеріңізді жасақтау үшін төмендегі нұсқаулықтарды орындаңыз:



АТ қуаты



Батарея



Түрту



ТТ қуаты




Қуат батырмасы




Таяқша
(сканерлеу
құрылғысы)




Орнату үшін 2 адам қажет



1.
Қорап құрамын тексеріңіз



2.
Бағананы дөңгелекті тіреуішпен біріктіріңіз



3.
Үлкен кілтті пайдаланып, 2 алтықырлы бұрандымен бұрап, бекітіңіз



4.
Тұтқаның артқы жағындағы қапқакты шешіңіз



5.
Таяқша тұғырығын дөңгелекті тіреуіштің алдыңғы жағына бекітіңіз



6.
Тұғырықты ұстап тұрыңыз



7.
Кішкентай кілтті пайдаланып, таяқша тұғырығын алтықырлы бұрандымен артқа бұрап бекітіңіз



8.
Тұтқаның артқы жағына қапқакты қайта бекітіңіз



9.
Дөңгелекті тіреуіш рамасының артқы жағынан магнитті қақпақты шешіңіз



10.
Батарея қақпағын шешіңіз



11.
Батареяны батарея ұясына қондырып, бұрандаларды бұрап бекітіңіз



12.
Орнату үшін, HD экранды көтеріңіз



13.
HD экранды қауіпсіз бекіту үшін, сканерді айналдырып, бұранданы бұрап, бекітіңіз



14.
Қуат кабелін тұрақты тоқ портына жалғаңыз




15.
Қуат кабелі салынған



16.
Магнитті артқы қақпақты бекітіңіз




17.
Таяқшаны тұғырыққа орналастырыңыз



18.
Таяқша кабелін HD экранның артқы жағына жалғаңыз



19.
Қуат кабелін дөңгелекті тіреуіштің астыңғы жағына жалғаңыз



20.
Дөңгелекті тіреуіштің төменгі жағына кабельді қысқышпен орналастырып, бекітіңіз



21.
Қуат кабелін жалғаңыз



22.
Қашықтықтан оқыту немесе қолдау сессияларын өткізу үшін, веб-камераны HD экранға орналастырыңыз



23.
Веб-камераны HD экранының төменгі жағындағы USB портына қосыңыз



24.
Сканерді қосу үшін батырыманы басыңыз

ITero Element 2 бағанасын жасақтау

iTero Element 2 бағанасын құрастыру үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:



1.
Тіреуді рамаға енгізіңіз.



2.
Бүйірлі кілтті пайдаланып тіреуді бекітіңіз



3.
Қалпақты шешіңіз



4.
Жаңа қапқаты орнатыңыз




5.
Орнату үшін HD экранды көтеріңіз.



6.
HD экранын қауіпсіз бекіту үшін, сканерді айналдырып, бұrandаны бұрап, бекітіңіз



7.
Қапқаты орналастырыңыз



8.
Қуат кабелін тұрақты тоқ портына жалғаңыз



9.
Таяқша кабелін HD экранның артқы жағына жалғаңыз



10.
Қуат кабелін жалғаңыз




11.
Қашықтықтан оқыту немесе қолдау
сессияларын өткізу үшін, веб-камераны HD
экранға орналастырыңыз




12.
Веб-камераны HD экранының төменгі
жағындағы USB портына қосыңыз

2 - қадам: Өзіңізге теңшеу процессі



1. Кеңесшіні қосу үшін, теңшелім тілін таңдап, "Өзіңізге теңшелеу" батырмасын басыңыз.



2. iTero Element 2 жекелендіру үдерісін аяқтау үшін, экрандағы Кеңесші нұсқауларын орындаңыз.

4 - тарау:

Пайдалану нұсқаулары

Дәрігердің кеңсесі, дәрігердің серіктестік зертханалары мен Align Technology орталығының арасында қосымша бейнелік файлдармен алмасу жүру үшін, жұмыс уақытында жүйені қосылған күйде ұстау ұсынылады. Жүйені күннің соңында өшіру және таңертең қайта жүктеу ұсынылады.

Күннің соңында өшіру

1. Барлық файлдар мен қосымшаларды жабыңыз.
2. Жүйені өшіру үшін, экранның төменгі жағындағы қуат қосқышын басыңыз.

Кеңсе ішінде жүйені жылжыту

Жүйенің жоғарғы дәрежелі қорғанысын қамтамасыз ету үшін, жүйені екі адаммен жылжыту ұсынылады. Жүйені жылжыту үшін мына нұсқауларды орындаңыз:

1. Сканерлеу құрылғысын (таяқшасы), сканерлеу бірлігінің тұғырығында дұрыс орналасқанын тексеріңіз.
2. Жүйені қабырғадағы розеткадан суырыңыз.
3. Жүйені екі адаммен мұқият жылжытыңыз.
4. Жүйені жаңа орынға қойып, қабырға розеткасына қосыңыз.

5 - тарау:

Сканерлерді пайдалану, тазалау және дезинфекциялау нұсқаулары

Сканерлеу құрылғысын (таяқшаны) қолдану

- Сканерлеу құрылғысы нәзік компоненттерден тұратындықтан, оны абайлап қолдану қажет.

Сканерлеу құрылғысы кабелін қолдану

- Сканер кабелінің зақымдалу мүмкіндігін азайту үшін, оған абай қарау қажет.
- Емделушілер сеанстары арасында, сканер кабелін кернеуден жеңілдету үшін, барлық бұралыстар мен байлануды тарқату ұсынылады.

Емделушілер арасында сканерлеу құрылғысын, негізгі блокты, дөңгелекті тіреуішті және/немесе тіреуді тазалауға және зарарсыздандыруға арналған әдістемелік ұсыныстар.

- Залалсыздандыру құралдарын сканер жүйесінің беттеріне тікелей шашуға болмайды.
- Залалсыздандыру құралын алдымен орамалға шашыратып алыңыз немесе сканерлеу құрылғысына арналған залалсыздандыратын майлықтарды пайдаланыңыз.
- **Ескерту: залалсыздандырушы құралдарымен аса қанықтыру, сканер жүйе беттеріне және де ішкі компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін.**
- Тиісті контакт уақытын ұстану үшін дезинфекциялау құралдары өндірушілерінің нұсқауларын орындаңыз. Залалсыздандырушы құралдарының қалдықтарын түксіз, таза матамен сүртіңіз.
- **Ескерту: қажет болған кезде, жеке қорғаныс үшін жасалған, стандартты сақтық шараларын ұстаныңыз.**
- **Ескерту: Сканерлеу құрылғысының оптикалық бетін (таяқша) ұстауға БОЛМАЙДЫ.**

Сканерлеу құрылғысы мен негізгі блокты тазалау және залалсыздандыру құралдары

Сканерлеу құрылғысы мен негізгі блокты залалсыздандыруға арналған келесі құралдар ұсынылады.

Сипаттама	pH	Өндіруші P/N	Өндіруші
Birex® Quat залалсыздандырушы майлықтары	7.6	BI 240	Biotrol Intl.
CaviCide AF	12.7	13-800	Metrex
CaviCide CaviWipe	12.5	13-1000 13-1100	Metrex
CaviCide 1 CaviWipe 1	12.5	13-5000 13-5100	Metrex
Clorox Healthcare® сутек пероксиді бар тазарту залалсыздандыру сұйықтығы	2-3	30828, 30829	Clorox® Healthcare™
Clorox Healthcare® сутек пероксиді бар тазарту және залалсыздандыру майлықтары	2-3	30824, 30825	Clorox® Healthcare™
Opti-Cide 3® сұйықтығы	7.6	DOCS12-024, DOCP04-128	Biotrol Intl.
Opti-Cid 3® майлықтары	7.6	DOCW06-100	Biotrol Intl.
OPTIM 33ТВ сұйықтығы	2.5-3.5	OPT33-1GAL, OPT-33-1QT	SciCan Inc.
OPTIM 33ТВ майлықтары	2.5-3.5	OPT33-W10X10, OPT-33-W12	SciCan Inc.
ProSpray ProSpray майлықтары	10	PSC240 PSW-1	Certol
Webcol® даярлаушы спиртті төсемдер	7	5110	Medtronic

6 - тарау:

Емделушілер арасында саптамаларды ауыстыру

Сканерлеу қондырғысын (таяқшаны) тазалау және дезинфекциялау

Айырбас ластануды болдырмау үшін әр емделушіден кейін сканерлеу құрылғысын және бір рет пайдаланатын саптаманы толықтай тазартып, дезинфекциялау қажет. Сканерлеу құрылғысын және сканерлеу құрылғысының тұғырығын тазалау үшін

дезинфекциялау құралын алдымен орамалға шашыратып алыңыз немесе дезинфекциялық майлықтар пайдаланыңыз. Содан кейін, пайдаланылған саптаманы алып тастау және жаңа бір реттік саптаманы орналастыру үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.



ЕСКЕРТУ: Сканердің саптамалары, стандартты жұмыс тәртіптеріне немесе ластанған медициналық қалдықтарды жою туралы жергілікті ережелерге сәйкес тасталуы қажет.

Бір реттік саптаманы ауыстыру

**1- қадам**

Саптаманы ШЕШУ немесе КИГІЗУ кезінде, саптаманы ортасынан ұстап тұрыңыз.

**2 - қадам**

Бір реттік саптаманың екі жағынан сәл басып, сканерлеу құрылғысын баяу тартып, шешіп алыңыз.

**3 - қадам**

Жаңа саптаманы сканерлеу құрылғысына, орнына түскенше дейін, сырғыта түсіріңіз.

**ЕСКЕРТУ: Оптикалық бет!**

Оптикалық бетті ұстауға **БОЛМАЙДЫ**. Қолдың тиіп кетуі зақым келтіруі мүмкін. Тазалау қажет болған кезде, саптамалар қорапшасындағы майлықтар мен антистатикалық шүберекті пайдаланыңыз. Дұрыс пайдалану үшін, сканер саптамаларының қорапшасындағы нұсқаулықтарды қараңыз.


Сканер саптамалары

Сканер құрылғысымен (таяқшамен) қолдануға арналған екі саптамалар түрі бар:



Бір реттік саптама

Ақ түсті саптама, емделушіні қарап шығу үшін бір рет қолданылатын саптама. Айырбас ластануды болдырмау үшін, емделушілер арасында ақ түсті саптаманы әрдайым ауыстырып тұру қажет. Әр емделушіден кейін ақ түсті саптама шешіліп тасталуы қажет.



Қорғаныш саптамасы

Көк түсті қорғаныш саптамасы, сканерлеу бірлігі пайдаланылмаған кезде, оптикалық бет линзасын қорғау үшін қолданылады. Жоғалтып алмау және зақымданудан қорғау үшін, көк түсті саптаманы қауіпсіз жерде сақтаңыз.



Сканер саптамаларының қаптама қорапшасы

Сканер саптамаларын, онлайн тапсырыс беру арқылы, iTero дүкенінен www.store.itero.com, 25 даналық қораптарда алуға болады.

7 - тарау:

Клиниканың LAN желісінің нұсқаулары

Кіріспе

iTero бұлтына сканерлеуді жіберу және алу үшін, iTero Element сканері Wi-Fi интернет байланысын пайдаланады.

Ұсыныс ретінде, заманауи қолжетімді технологияны қолдану әрдайым жақсы. Ең жақсы Wi-Fi байланысы үшін қажетті бірнеше пайдалы нұсқаулар:

Wi-Fi Интернет байланысының деңгейлері



Өте жақсы
> -50 дБм>



Жақсы
-50-ден 60 дБм дейін



Орташа
-60-тан 70 дБм дейін



Өлсіз
<-70 дБм

- **МАҢЫЗДЫ:** iTero Element сканерінің жақсы жұмыс істеуі үшін, Wi-Fi сигнал күші «Өте жақсы» немесе кем дегенде, «Жақсы» екеніне көз жеткізіңіз.
- **ЕСКЕРТУ:** Емделушіні сканерлеу кезінде LAN кабелін, қауіпсіздік жағдайына байланысты, iTero Element құрылғысына қосуға тыйым салынады.

Дайындық шаралары

- Қажетті модем/роутер құпиясөзді қосқанда WPA2 қауіпсіздік стандартымен конфигурациялануы қажет.
 - Сканерді орнату жоспарлаған кезде, АТ мамандарыңыздың дайын болатынына көз жеткізіңіз.
 - Wi-Fi SSID есептік деректеріңіз (логин және құпиясөз) қол жетімді екеніне көз жеткізіңіз.
 - Жүйенің ең төменгі Wi-Fi сигнал күші, жоғарыда 2 - тарауда көрсетілгендей, кемінде екі «жолақ» көрсетуге тиіс.
 - Диагностика құралы «Параметрлер» астында немесе өзара байланысу құралы төменде ұсынылған.
 - iTero өзара байланысу құралын қолданып, жергілікті Wi-Fi байланысын кез-келген дербес компьютер арқылы тексеріңіз (сынақты мүмкіндігінше сканердің орналасқан жеріне жақын арада өткізіңіз).
 - Өзара байланысу құралын fc1.orthocad.com/download/AlignSupport/ConnectivityCheck2.0.exe арқылы жүктеп алыңыз.
 - iTero сканеріне кіру немесе байланысу сияқты мәселелерді болдырмау үшін кеңсеңіздің АТ маманына берілетін кейбір ұсыныстар төменде көрсетілген:
1. Хост атауының ұсыныстары 80 және 443 порттарына бағынатын Align қызметтеріне қатысты.
 2. Сканер ерекше файл түрін жіберетіндіктен, FTP байланысына рұқсат беріңіз (.Здс және .Здс/.Здм).
 3. TCP/IP арқылы деректер табыстау үшін, кез келген прокси-клиентті өшіріңіз.
 4. Сканерді кез келген домен тобына қосуға болмайды.
 5. Сканерде ешқандай топтық жұмысты іске қоспаңыз, себебі ол сканердің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Роутер нұсқаулықтары

Ең төменгі стандарттар: 802.11N / 802.11AC

Интернет байланысы нұсқаулары

iTero Element сканерінің ең жоғарғы өнімділігіне жету үшін, бір сканерге арналған интернет байланысының жүктелу жылдамдығы, кемінде 1 Мбит/с болатынына көз жеткізіңіз. Сондай-ақ, Интернетке сканермен қатарлас қосылған кез-келген қосымша құрылғылар, сканер өнімділігіне әсер етуі мүмкін екенін ескеріңіз.

Қорғаныс жүйесі

Ашық порттар (қорғаныс жүйесі жұмыс істеп тұрған жағдайда):

- а. 80 - HTTP - TCP
- ә. 443 - HTTPS - TCP

Wi-Fi кеңестері

Wi-Fi роутерлері, Wi-Fi байланысын пайдаланып, сымсыз желінің функционалды ауқымында айтарлықтай кез келген жерден Интернет желіңізге кіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, сымсыз сигналдар өтуге мәжбүр болатын қабырғалар, төбелер немесе қосымша бөлімдер саны, қалыңдығы мен орналасуы, сигналдың ауқымы мен күшін шектеуі мүмкін. Қалыпты сигналдар, сіздің үйіңіз немесе кеңсеңіздегі материал түрлеріне және фондық радио шуыл жиілігіне байланысты өзгереді.

1. Роутер және басқа желілік құрылғылар мен қабырғалар және төбелердің арасында минималды арақашықтық болуы тиіс. Әр кедергі адаптеріңіздің ауқымын 1-3 метрге (3-9 футқа) азайтуы мүмкін.
2. Желілік құрылғылар арасында, ешқандай бөгетсіз, түзу желі бар екеніне көз жеткізіңіз. Тіпті қабырға бұрышы тек 2 градусқа жылжып кеткен болса да, жұқа болып көрінетін қабырға, 1 метр (3 фут) сигналды бұғаттай алады. Ең жақсы қабылдау алу үшін барлық құрылғыларды, Wi-Fi сигналын тікелей (900) қабырға немесе бөгет (бұрыш емес) арқылы өтетіндей етіп орналастырыңыз.
3. Құрылыс материалдары маңызды. Ауыр металл есік немесе алюминий шегелер өте тығыз болуы мүмкін және Wi-Fi сигналына теріс әсерін тигізу ықтимал. Кіріс нүктелерін, сымсыз роутерлерді және компьютерлерді, сигналды құрғақ қабырғалар немесе ашық есік арқылы өтетіндей етіп орналастырыңыз. Шыны, болат, металл, оқшауланған қабырғалар, су қоймалары (аквариумдар), айналар, файл шкафтары, кірпіш және бетон сияқты материалдар мен заттар, сіздің сымсыз сигналыңызды төмендетуі мүмкін.
4. iТero өнімін электр немесе фондық радио шуын тудыратын құрылғылардан кемінде 3-6 фут немесе 1-2 метр алшақ ұстаңыз.
5. Егер сіз 2,4 ГГц сымсыз телефон немесе X-10 (төбелік желдеткіштер, қашықтан басқару шамдары және үй қауіпсіздік жүйелері сияқты сымсыз өнімдер) қолданатын болсаңыз, сымсыз қосылымыңыз қатты төмендеуі немесе толығымен құлдырауы мүмкін. Көптеген сымсыз құрылғылар, құрылғы қолданылмаған жағдайда да, фондық радио шу сигналын береді. Басқа сымсыз құрылғыларыңызды сканер мен роутерден мүмкіндігінше алыс орналастырыңыз.
6. Сіздің аймағыңызда бірнеше белсенді сымсыз желі болуы мүмкін. Әр желі бір немесе бірнеше арнаны пайдаланады. Егер арна сіздің жүйелік арналарыңыздың жанында болса, байланыс бірте-бірте төмендеуі мүмкін. АТ бөліміңізден бұны тексеруді сұраңыз және қажет болса, сіздің желіңіз пайдаланатын арна нөмірлерін өзгертіңіз.

Орталық атауына қатысты Align ұсыныстары

Align өз өнімдерін және қызметтерін үнемі жақсартып отырады. Демек, белгілі бір IP емес, хост атауын бекітуге болады.

Сканер өнімділігінің барлық жетілдірілген мүмкіндіктерін пайдалану үшін, және Align сканерлерінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, келесі хосттар тізімі құралды.

Хост атауларына қатысты Align ұсынысы:

Орталық атауы	Порты
Mycadent.com	80, 443
Myaligntech.com	80, 443
Export.mycadent.com	80, 443
Cbserver.mycadent.com	80, 443
Matstore.invisalign.com	80, 443
Matstore2.invisalign.com	80, 443
Matstore3.invisalign.com	80, 443
Matstore4.invisalign.com	80, 443
Matstoresg.invisalign.com	80, 443
Matstorechn.invisalign.com.cn	80, 443
AWS IP ауқымы - Amazon жаһандық CDN қызметі - IP мекенжайының ауқымы сканердің орнына байланысты әр түрлі болады.	80, 443
cloud.myitero.com	443
speedtest.tele2.net	80
alignapi.aligntech.com	80, 443
http://www.google.com	80, 443
http://www.microsoft.com	80, 443
http://www.yahoo.com	80, 443
iterosec.aligntech.com	80, 443
storage.cloud.aligntech.com	443

А қосымшасы:

Электрмагниттік үйлесімділік декларациясы


iТero Element 2 үшін жасақталған электрмагниттік үйлесімділік сынақ нәтижелерінің қысқаша мазмұны


Сынақ	Стандарт	Класс/жүктеме деңгейі	Сынақ нәтижесі
Құжаттама (IEC 60601-1-2, 4 және 5 бөлімдері)			
Электрмагниттік үйлесімділікке қойылатын жалпы талаптар	4.1 - бөлімі	--	Сәйкес келеді
Сыртқы белгілер	5.1 - бөлімі	--	Сәйкес келеді
Пайдаланушылар нұсқаулығына сәйкестік	5.2.1 - бөлімі	--	Сәйкес келеді
Техникалық сипаттаманың дәлдігі	5.2.2 - бөлімі	--	Сәйкес келеді
Сәулелену (IEC 60601-1-2 / EN 60601-1-2, 7 - бөлім)			
Кондуктивті сәулелену Жиіліктік ауқымы: 150 кГц - 30 МГц	CISPR 11	1 топ, Б-классы 230, 120 және 100 АТК желісінде (50 Гц); 220 АТК желісінде (50 және 60 Гц)	Сәйкес келеді
Эмиссиялық сәулелену Жиіліктік ауқымы: 30 - 1000 МГц	CISPR 11	1-топ, Б классы	Сәйкес келеді
Гармоникалық тоқ тудыратын сәулелену сынағы	IEC 61000-3-2	230 АТК желісінде (50 Гц және 220 В (60 Гц)	Сәйкес келеді
Кернеу өзгеруі, кернеу ауытқулары және жанып-өшу сынағы	IEC 61000-3-3	230 АТК желісінде және 220 АТК желісінде	Сәйкес келеді
Қорғаныс (IEC 60601-1-2, 8-бөлім)			
Электрстатикалық қуатсызданудан қорғалғандығы (ЭСҚ)	IEC 61000-4-2	8 кВ байланыс разрядтары және 15 кВ өуе разрядтары	Сәйкес келеді
Электрмагниттік сәулелену өрістерінен қорғанысы	IEC 61000-4-3	10,0 В/м; 80 МГц ÷ 2,7 ГГц, 80% АМ, 1 кГц	Сәйкес келеді
Сымсыз байланыс жабдықтарының жақындық өрісінен қорғаныс	IEC 61000-4-3	9 В/м-ден 28 В/м-ге дейінгі жиіліктер тізімі, ПМ (18 Гц немесе 217 Гц), МЖ 1 кГц	Сәйкес келеді
Электр қуатының қысқа мерзімді ауытқушылығынан (ЭҚҚМА) қорғанысы	IEC 61000-4-4	± 2.0 кВ - айнымалы тоқ желілерінде; Tr/Th- 5/50 нс, 100 кГц	Сәйкес келеді
Кернеу айырымынан қорғаныс	IEC 61000-4-5	± 2.0 ЖР/± 1.0 кВ ДР айнымалы тоқ желілері бойынша ; Tr/Th - 1,2/50 (8/20) мкс	Сәйкес келеді
-Радиожіілік өрістерінен туындаған кондуктивті бөгеуден қорғаныс	IEC 61000-4-6	230 АТК желісінде және таяқша кабелінде 3.0, 6.0 орташа квадраттық кернеу ; 0,15 ÷ 80 МГц, 80% АМ 1 кГц	Сәйкес келеді
Кернеудің уақытша төмендеуі, қысқа үзілістер мен кернеу өзгеруінен қорғаныс	IEC 61000-4-11	0% - 0,5 цикл және 1 цикл; 70% - 25 цикл; 0% - айнымалы тоқ желісіндегі 250 цикл	Сәйкес келеді

В қосымшасы:

Техникалық жабдықтардың ерекшеліктері

Зат	Сипаттама
Монитор	21,5" монитори
Сканер	Сканер қызыл лазер сәулесін (680нм, 1-класс), сондай-ақ жарықдиодты шашады.
Жергілікті сымсыз желі	LAN картасы жергілікті желі байланысын сымсыз байланыс арқылы қамтамасыз етеді.
Қолданыс қуаты	100-240АТК- 50/60 Гц - 40ВА (ең жоғарғысы)
Жұмыс температурасы	18°-тан 26°С-ға дейін/64.4°-тан 78.8°F-ке дейін
Сақтау/тасымалдау температурасы	5°-ден 50°С-ге дейін, 23°-тан 122°F-ке дейін
Жұмыс қысымы және биіктік	Қысым: 520 сынап бағанасы миллиметрден 760 сынап бағанасы миллиметрге дейін (~69 кПа-дан ~101 кПа-ға дейін) Биіктігі: 0 футтан 10 000 футқа дейін
Сақтау/тасымалдау қысымы және биіктік	Қысым: 430 сынап бағанасы миллиметрден 760 сынап бағанасы миллиметріне дейін (~57 кПа-дан ~101 кПа) Биіктігі: 0 футтан 15 000 футқа дейін
Салыстырмалы ылғалдылық	Жұмыс салыстырмалы ылғалдылығы: 40% - 70%; Сақта салыстырмалы ылғалдылығы: 30% - 90%
Өлшемдері	iTero жоғары дәлдік сенсорлық монитори: Биіктігі: 356 мм (~14 дюйм) Ені: 552 мм (~21,7 дюйм) Тереңдігі: 65 мм (~2,5 дюйм) iTero Element таяқшасы: Ұзындығы: 338,5 мм (~13 дюйм) Ені: 53,5 мм (~2 дюйм) Тереңдігі: 69,8 мм (~3 дюйм) Дөңгелекті негіз Биіктігі: 1 280 мм (~50 дюйм) Ені: 645 мм (~25 дюйм) Тереңдігі: 625 мм (~24,5 дюйм) Тірек негізі: Биіктігі: 480 мм (~ 19 дюйм) Ені: 552 мм (~21,7 дюйм) Тереңдігі: 220 мм (~ 8,7 дюйм)
Таза салмағы	iTero жоғары дәлдік сенсорлық монитори: 8,3 кг (~18,3 фунт) iTero Element таяқшасы: 0,47 кг (~1 фунт) Дөңгелекті негіз: 13,6 кг (~30 фунт) iTero Element 2 тірек негізі: 2,5 кг (~ 5,5 фунт)
Жеткізу кезіндегі салмағы	~ 37,5 кг (~83 фунт)





iTero element 2

Align Technology, Inc.
Орчард Парквей, 2820
Сан-Хосе, СА 95134
АҚШ

Align Technology B.V.
Арландавег - 161
1043HS Амстердам
Нидерланд

Align, Invisalign, iTero және iTero Element сауда белгілері және/немесе қызмет көрсету белгілері
Align Technology, Inc. компаниясының немесе оның еншілес компанияларының біреуіне тиесілі
болып табылады және АҚШ-та және/немесе басқа елдерде де тіркелуі мүмкін.